# ВИРУСТЫ ГЕПАТИТТЕР

Вирусты гепатиттер – бұл адамға қауіп төндіретін кең таралған аурулар топтамасы, олар бір-біріне ұқсамайды, әр түрлі вирустармен қоздырылады, бірақ ортақ бір ерекшелігі - адамның бауырының жұмысын бұзады және оның асқынуына әкеп соқтыратын ауру болып табылады.

Вирусты гепатиттің бірнеше түрлері бар: А, В, С, Д, Е, G.

**А гепатиті**

А гепатиті немесе Боткин ауруы - бұл вирусты гепатиттің кең таралған формасы. Оның инкубациялық кезеңі (жұқтырған уақыттан бастап гепатиттің бірінші белгілеріне дейін) 7-ші күннен 50-ші күнді құрайды. Анықталған аурудың басталуы әдетте қызудың жоғарылауымен білінеді, кейде тұмау ауруының белгілеріне ұқсас келеді. 2-4 күн өткен соң сырқаттанушының зәрі өзгереді, сары немесе қара шай түсіне боялады, ал нәжісі, керісінше, түссіз болып келеді. Кейін терінің сарғаюы пайда болып, сырқаттанушының жағдайы жақсарады.

А гепатиті ауруымен ауру ұзақтығы 1 аптадан 1,5-2 айға дейін болуы, ал аурудан кейінгі қалпына келу кезеңі жарты жылға дейін созылуы мүмкін.

А гепатиті диагнозы ауру белгілері байқалғанда, анамнезде аурудың пайда болуы осы аурумен ауырған науқастармен қарым-қатынаста болуы мүмкіндігі есепке алынады, сол сияқты диагностика мәліметтеріне байланысты қойылады. Вирусты гепатит формаларының ішінде А гепатиті болжамды түрде ең жеңілі болып табылады, ол ауыр салдарды тудырмайды және ауру белсенді түрде емделуді қажет етпей, өз бетімен аяқталуы мүмкін. Қажет болған жағдайда, А гепатитін емдеу емхана жағдайларында сәтті жүргізіледі. А гепатитімен ауырған науқастарға төсек тартып жату тертібі ұсынылады, арнайы емдом және бауырды қорғаушы дәрі-дермектер - гепатопротекторлар тағайындылады.

А гепатиті вирусы берілуінің сипатты жолы - бұл адамның бір-бірімен тұрмыстық қатынаста болуы және фекальды материалмен уланған өнімдер мен суды тағамға пайдалану болып табылады. А гепатиті, сонымен қатар кір қолдар арқылы жұғады, сондықтан көбінесе жеке гигиенаны сақтамағандықтан, бұл аурумен көп жадайда балалар ауырады.

А гепатитін алдын алудың негізгі шарасы – бұл гигиеналық нормаларды сақтау. Оған қоса, балаларға вакцинация жасау ұсынылады.

**В гепатиті**

В гепатиті немесе сарысу гепатиті - бұл өте қауіпті ауру, ол бауырдың қатты бұзылуымен сипатталады. В гепатиті қан арқылы, сонымен қатар жыныстық қатынас арқылы және тікелей жолмен - анадан балаға жұқтырылуы мүмкін. Қалыпты жағдайларда В гепатиті, Боткин ауруы сияқты қызудын жоғарылауынан, әлсіздіктен, тамырлардың ауруынан, жүрек айнуынан және құсудан басталады. Несеп түсінің караюы және нәжісінің түссіз болу сияқты белгілері де болуы мүмкін. Денеде бөртіктердің пайда болуы, бауырдың және көк бауырдың ұлғаюы байқалады. В гепатитінде дененің сарғаюы сипат алмайды. В гепатиті кезінде бауырдың бұзылуы ауыр болуы мүмкін, күрделі жағдайларда бауыр ісігіне, циррозға әкеп соқтырады. В гепатитін емдеу кешенді түрде болуы қажет және ол ауру дәрежесіне және сипатына байланысты болады. Емдеу кезінде иммундық дәрі-дәрмектер, гормондар, гепатопротекторлар, антибиотиктер қолданылады. В гепатитінің алдын алу ушін адам өмірінің алғашқы жылынан бастап вакцинация жүргізіледі.

**С гепатиті**

Вирусты гепатиттің ең ауыр түрі С гепатиті болып табылады. Оны посттрансфузиондық гепатит деп те атайды. Посттрансфузиондық гепатит деп аталу себебі, бұл ауру көбінесе қан арқылы - қан құю арқылы немесе стерильденбеген ине арқылы жұғады. Қазіргі кезде барлық донорлар міндетті түрде С гепатиті вирусына тексеруден өтеді. С гепатитінің жыныстық қатынас арқылы немесе тікелей жолмен - анадан балаға таралуы сирек кездеседі. С гепатитімен ауыратындардың шамамен 70-80%-да созылмалы түрі дамиды, бұл үлкен қауіп төндіреді, яғни, бауырдың қатерлі ісігі немесе бауыр циррозы пайда болады. С гепатиті гепатиттің басқа түрлерімен қабаттасқан кезде науқастың жағдайы нашарлайды, ауру асқынып, өлімге әкеп соқтыруы мүмкін. С гепатиттің тағы бір қаупі, сау адамды С гепатитін жұқтырудан сақтауда тиімді вакцинаның қазіргі кезде болмауында.

**Д гепатиті**

Д гепатиті немесе дельта гепатитінің вирусты гепатиттің басқа формаларынан айырмашылыгы - оның вирусының адам ағзасында жеке, өздігінен дами алмауында. Ол үшін оған «көмекші-вирус» - В гепатиті вирусы қажет. Сондықтан дельта-гепатиті бөлек бір ауру түрінде карастырылмайды, ол В гепатитін асқындырушы, жолаушы - ауру болып табылады. Осы екі вирус наукас ағзасында қатар жүрген уақытта аурудың ауыр түрі пайда болады, оны суперинфекция деп атайды. Бұл аурудың ағымы В гепатитін еске түсіреді, бірақ асқынулар жиі кездесіп, ауыр түрде өтеді.

**Е гепатиті**

Е гепатиті белгілері бойынша А гепатитіне ұқсас келеді. Дегенмен, басқа вирустық гепатиттерге караганда Е гепатитінің ауыр формаларында тек қана бауыр ғана емес бүйректің де бұзылуы байқалады. Е гепатитінде А гепатиті сияқты фекальды-оральды механизммен жұғады, ыстық климатты және халықтың сумен нашар қамтылған елдерінде таралған, сондай ақ, Е гепатитімен ауыратындардың айығу болжамы көп жағдайда сәтті болып келеді.

Е гепатитін жұқтырғандардың ішінде - үшінші триместрдегі жүкті әйелдер үшін бұл өте қауіпті. Мұндай жағдайларда Е гепатитін жұқтырған жүкті аналардың 9-40% дейін өлімге әкеп соқтырады, ал іштегі ұрық аурудың барлық жағдайларында өледі.

**G гепатиті**

G гепатиті - вирусты гепатиттер тобының соңғысы, ол белгілері мен ерекшеліктері бойынша С гепатитіне ұқсас келеді. Бірақ қауіптілігі оған қарағанда төмендеу, өйткені, С гепатитіне тән бауыр циррозы мен бауыр ісігін дамытатын инфекциялық процестің үдеуі G гепатитінде байқалмайды. Алайда, G жене С гепатиттерінің қабаттасуы циррозға әкеп соқтыруы мүмкін. Вирусты гепатиттердің барлық формалары қазіргі кезде сәтті диагностикадан өтеді және емдеудің ең бастапқы сатысында көбінесе жазылады. Дегенмен, гепатиттің алдын алу қажет, кейбір түрлерінде ол қазіргі кездегі вакцинация болып табылады.

***«Жітіқара аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ басшысы Ансагаев А. Х.***

---

«Комаров тау-кен кәсіпорны» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 73-бабының талаптарына сәйкес « Қостанай облысы Жітіқара ауданында «Элеваторное алтын кен орнын ашық тәсілмен қазудың тау-кен жұмыстары жоспарына ықтимал әсер ету туралы есеп» жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жұмыс учаскесінің географиялық координаттары:
1) 52 ˚13´ 37.340 с. е., 61 ˚18´ 36.128 ш. б.
2) 52 ˚13´ 35.237 с. е., 61 ˚19´ 01.134 ш. б.
3) 52 ˚13´ 37.057 с. е., 61 ˚19´ 07.620 ш. б.
4) 52 ˚13´ 46.215 с. е., 61 ˚19´ 14.012 ш. б.
5) 52 ˚13´ 54.934 с. е., 61 ˚19´ 12.729 ш. б.
6) 52 ˚13´ 57.882 с. е., 61 ˚19´ 04.535 ш. б.
7) 52 ˚13´ 59.419 с. е., 61 ˚18´ 55.659 ш. б.
8) 52 ˚13´ 54.719 с. е., 61 ˚18´ 38.022 ш. б.
9) 52 ˚13´ 46.827 с. е., 61 ˚18´32.656 ш. б.

Аумағына ықтимал әсер етуі мүмкін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Жітіқара ауданы, Пригородное ауыл. Географиялық координаттары: 52.213073, 61.302733.

Қоғамдық тыңдау 2025 жылы 30 қазан, сағат 11:00-де, Қостанай облысы, Жітіқара ауданы, Пригородное ауыл, 40 жыл Жеңістер көшесі, 1а құрылыс, Мәдениет үйінің ғимараты мекен-жайы бойынша өтеді.

Қоғамдық тыңдаулар осыауданның көзделіп отырған қызмет объектісіне жақын елді мекен аумағында өткізілетін болады.

Қоғамдық тыңдаулар барысында бейнеконференцияларға онлайн қосылу Zoom арқылы мүмкін болады.

Қоғамдық тыңдауларға қосылу үшін сілтеме: https://zoom.us/j/3875309521?pwd=ZWZra1Q5MTV6V0ltSU9wZVZZTDZCZz09.

Конференция идентификаторы: 387 530 9521.

Кіру коды: uv3JD5.

Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Комаров тау-кен кәсіпорны» ЖШС, тел.: 8 (705) 311-83-39. Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 110700, Жітіқара қаласы, Кирзавод көшесі, 1 «А», БСН 120540007504

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Eco Project Company» ЖШС, БСН: 200540023731, Ақтөбе қ., көш. Тургенева, 3В, тел.: + 7 (702) 557- 40-58.

Жергілікті атқарушы орган: «Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы « ММ.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен және жарияланған қоғамдық тыңдаулар хаттамасымен https://ndbecology.gov.kz/ сайттында, сондай-ақ «Қостанай облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ ресми интернет-ресурсында: https://www.gov.kz/memleket/entities/kostanai-tabigi-resurstar/documents/1?directions=_7360&lang=ru танысуға болады.

Жоспарланған қызмет, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ жоспарланған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін келесі мекенжай бойынша сұратуға болады: E-mail: ecokgp@solidcore-resources.kz, тел.: 8 (705) 311-83-39.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша ескертулер мен ұсыныстарды қағаз немесе электрондық нысанда қоғамдық тыңдаулар өткізу басталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қоршаған ортаны қорғау саласындағы аумақтық уәкілетті органның пошталық мекенжайына жіберуге болады: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел көшесі, 8, 15-ші кіреберіс, электрондық пошта kerk@ecogeo.gov.kz; Ақпараттық жүйеде https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings/PublicHearingIndex); «Қостанай облысы әкімдігінің Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ zh.remizova@kostanay.gov.kz, тел.: 8 (7142) 54-61-66, Қостанай қ., Тәуелсіздік к-сі, 72.

ТОО «Комаровское горное предприятие», в соответствии с требованиями статьи 73 Экологического кодекса РК, сообщает о проведении общественных слушаний по Проекту «Отчет о возможных воздействиях к плану горных работ отработки золоторудного месторождения Элеваторное открытым способом в Житикаринском районе Костанайской области».

Географические координаты участка работ:
1) 52 ˚13´ 37.340 с. ш., 61 ˚18´ 36.128 в. д.
2) 52 ˚13´ 35.237 с. ш., 61 ˚19´ 01.134 в. д.
3) 52 ˚13´ 37.057 с. ш., 61 ˚19´ 07.620 в. д.
4) 52 ˚13´ 46.215 с. ш., 61 ˚19´ 14.012 в. д.
5) 52 ˚13´ 54.934 с. ш., 61 ˚19´ 12.729 в. д.
6) 52 ˚13´ 57.882 с. ш., 61 ˚19´ 04.535 в. д.
7) 52 ˚13´ 59.419 с. ш., 61 ˚18´ 55.659 в. д.
8) 52 ˚13´ 54.719 с. ш., 61 ˚18´ 38.022 в. д.
9) 52 ˚13´ 46.827 с. ш., 61 ˚18´ 32.656 в. д.

Перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано возможное воздействие: Житикаринский район, с. Пригородное. Географические координаты: 52.213073, 61.302733.

Слушания состоятся 30 октября 2025 г. в 11:00 ч. по адресу: Костанайская область, Житикаринский район, с. Пригородное, ул. 40 лет Победы, строение 1а, здание Дома культуры.

Общественные слушания будут проведены на территории ближайшего населенного пункта к объекту намечаемой деятельности данного района.

Онлайн-подключение к видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний возможно через Zoom.

Ссылка для подключения к общественным слушаниям: https://zoom.us/j/3875309521?pwd=ZWZra1Q5MTV6V0ltSU9wZVZZTDZCZz09.

Идентификатор конференции: 387 530 9521.

Код доступа: uv3JD5.

Срок проведения открытого собрания может быть продлен до пяти последовательных рабочих дней по решению участников общественных слушаний.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Комаровское горное предприятие», тел.: 8 (705) 311-83-39. Адрес: Республика Казахстан, 110700, г. Житикара, ул. Кирзавод, 1 «А», БИН 120540007504.

Разработчик проектной документации: ТОО «Eco Project Company», БИН: 200540023731, г. Актобе, ул. Тургенева, 3В, тел: + 7 (702) 557-40-58.

Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Костанайской области».

С материалами, выносимыми на общественные слушания, а после и с опубликованным протоколом общественных слушаний можно ознакомиться на сайте https://ndbecology.gov.kz/, а также на официальном интернет-ресурсе ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Костанайской области»: https://www.gov.kz/memleket/entities/kostanai-tabigi-resurstar/documents/1?directions=_7360&lang=ru.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности, можно по адресу: e-mail: ecokgp@solidcore-resources.kz, тел.: 8 (705) 311-83-39.

Замечания и предложения в бумажной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания, можно направить в срок не позднее трех рабочих дней до даты начала проведения общественных слушаний на почтовый адрес уполномоченного органа в области охраны окружающей среды: 010000, Республика Казахстан, г. Астана, Есильский район, ул. Мәңгілік Ел, 8, 15-й подъезд, электронный адрес kerk@ecogeo.gov.kz; в Информационной системе https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings/PublicHearingIndex); ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Костанайской области»: zh.remizova@kostanay.gov.kz, тел.: 8 (7142) 54-61-66, г. Костанай, ул. Тәуелсіздік, 72.